

Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) 4, 5 және 7-тармақтарын іске асыру мақсатында және аталған Хаттаманың 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ереже бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия осы Шешім күшіне енгенге дейін қабылданған (бекітілген) анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қоса отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпараттарының тізілімін қалыптастырсын және оны 2016 жылғы 1 сәуірге дейін Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталына орналастырсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 17 қарашадағы
№ 155 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Одақ туралы шарт) № 3 қосымшасы) 4, 5 және 7-тармақтарын іске асыру мақсатында әзірленді және Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін құру мақсаттарын, құрылымы және қалыптастыру қағидаларын, оның қатысушылар құрамын, олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін әзірлеу, жүргізу және ресурстарын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманы (Одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құру және дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінде, Одақ туралы шартта айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі:

Одақ органдарының Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген салаларда өз өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыруы үшін, соның ішінде Одақ шеңберінде ортақ процестерді іске асыру, Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) Одақ туралы шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен белгіленген экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясатты жүзеге асыру, жеке және заңды тұлғалардың Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес міндеттерін орындауы және құқықтарын жүзеге асыру үшін көрсетілген ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті нормативтік-анықтамалық ақпаратты қалыптастыру және өңдеу;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, Комиссия мен халықаралық интеграциялық бірлестіктер және халықаралық ұйымдар арасында, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен жеке және заңды тұлғалары арасында электронды түрде ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

Одақ органдарының, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының шешім қабылдау тиімділігі мен жеделдігін арттыру мақсаттарында құрылады.

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін мүше мемлекеттердің органдары Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің ережелері қолданылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету және (немесе) мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру кезінде де пайдалана алады.

II. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің құрылымы, оны қалыптастыру қағидаттары және қатысушылары

4. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпараттарының – Комиссия қабылдайтын (бекітетін) және осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген субъектілер арасында ақпараттық алмасуды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштар жиынтығын және көрсетілген ақпараттың тізілімін (бұдан әрі тиісінше – Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары, тізілім), сондай-ақ көрсетілген ақпаратты электрондық түрде өңдеуді және оған қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді білдіреді.

5. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін қалыптастырудың негізгі қағидаттары:

а) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының өзектілігін, қолжетімділігін, өзара байланыстылығын және ашықтығын, оны сәйкестендірудің біркелкілігін қамтамасыз ету;

б) Одақтың Одақ туралы шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес қызметті жүзеге асыруы кезінде Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының сабақтастығы, оның мүше мемлекеттердің нормативтік-анықтамалық ақпаратымен салыстырмалылығы және (немесе) үйлесімділігі;

в) мүше мемлекеттердің нормативтік-анықтамалық ақпараттарын біріздендіру және үндестіру;

г) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарын қалыптастыратын Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын әзірлеу, жүргізу және қолдану кезінде сыныптау мен кодтаудың біріздендірілген жүйесін пайдалану болып табылады. Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын сыныптау мен кодтаудың біріздендірілген жүйесі Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарын, аталған ресурстарды әзірлеу, жүргізу және қолдану тәртібін белгілейтін осы Ережені, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолданудың Комиссия бекітетін әдіснамасын қамтиды;

д) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының деректер базасын орталықтандырып не мүше мемлекеттердің ақпараттық өзара іс-қимылдары негізінде жүргізу;

е) тізілімді орталықтандырып жүргізу болып табылады.

б) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары интеграцияланған жүйе шеңберінде қалыптастырылатын жалпы ақпараттық ресурстар құрамына кіреді.

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарын жүргізу, оларға Одақ органдарының, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, сондай-ақ Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын өзге де пайдаланушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, тізілімнен мәліметтерді ұсыну, Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесін сақтау интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

7. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің қатысушылары әкімші, операторлар және пайдаланушылар болып табылады.

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) Комиссия болып табылады.

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің операторлары (бұдан әрі – оператор) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары болып табылады. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштардың жекелеген түрлеріне қатысты оператор функциясын Комиссия орындай алады.

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің пайдаланушылары Одақтың органдары, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, сондай-ақ мемлекеттік биліктің (мемлекеттік басқарудың) өзге органдары, мүше мемлекеттердің жергілікті өзін-өзі басқару органдары, үшінші мемлекеттер, халықаралық интеграциялық бірлестіктер, халықаралық ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

8. Әкімші:

а) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қабылдайды (бекітеді), олардың күшіне енуін қамтамасыз етеді;

б) мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша операторларды бекіту туралы шешім қабылдайды;

в) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды құру және жүргізу бойынша жұмыстарды үйлестіруге арналған жұмыс тобын құрады;

г) тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

д) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарын Одақтың ақпараттық порталына орналастыруды қамтамасыз етеді;

е) осы жүйені пайдаланушылардың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

ж) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстары құрамындағы ақпаратты оның тұтастығын қамтамасыз етуге және осы Ережеге сәйкес пайдаланушылардың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарына қол жеткізу құқықтарын іске асыруға бағытталған қорғау режимін белгілейді және қамтамасыз етеді;

з) операторлардың, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізуін және қолдануын үйлестіреді, анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қолдану бойынша ұсынымдар береді;

и) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына олардың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарынан сұратқан ақпараттарын беруді қамтамасыз етеді;

к) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарын жүргізу және қолдану үшін қажетті нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды және ақпараттық-бағдарламалық құралдарды әзірлейді;

л) Одақтың органдары қызметі процесінде немесе нәтижесінде пайда болатын не Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес шешімдер қабылдау кезінде Одақтың органдары пайдаланатын ақпаратты қамтитын анықтамалықтар мен сыныптауыштарға қатысты оператор функциясын орындайды. Аталған функцияларды құзіретіне Одақтың тиісті нормативтік-анықтамалық ақпаратын қолданумен байланысты мәселелер кіретін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Одақ туралы шарттың № 1 қосымшасы) 44-тармағына сәйкес Комиссия Алқасы жанынан құрылған консультативтік органдармен өзара іс-қимыл негізінде Комиссия департаменттері (бұдан әрі – Комиссияның мүдделі департаменттері) жүзеге асырады;

м) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарын халықаралық анықтамалықтармен және сыныптауыштармен (сыныптаумен) үндестіру, Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарын халықаралық анықтамалықтарда және сыныптауыштарда (сыныптауда) пайдалану мәселелері бойынша халықаралық анықтамалықтарды және сыныптауыштарды (сыныптауды) қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

9. Операторлар:

а) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

б) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізуді жүзеге асырады;

в) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарын қалыптастыратын ақпаратты қорғау режимін қамтамасыз етеді;

г) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының анықтамалықтары мен сыныптауыштарына өзгерістер енгізу, өзектілігін жойған анықтамалықтар мен сыныптауыштарды алып тастау туралы ұсыныстар әзірлейді;

д) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізумен байланысты жекелеген міндеттерді шешу үшін сарапшыларды, соның ішінде халықаралық сыныптауыш саласындағы сарапшыларды тарта алады;

е) әкімшінің нұсқаулық-әдістемелік құжаттары ережелерін орындауды қамтамасыз етеді.

10. Оператор ведомстволық бағынысты ұйымға (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) өзінің атынан Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізу бойынша функцияны жүзеге асыру уәкілеттігін беруге құқылы.

Оператор уәкілетті ұйым туралы ақпаратты тиісті шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде әкімшіге жібереді.

Уәкілетті ұйым анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізу және қолдану бойынша функцияны тиісті дәрежеде атқармаған немесе орындамаған жағдайда әкімші бұл туралы операторды хабардар етеді. Оператор уәкілетті органның оператор функциясын тиісті дәрежеде атқармауының немесе орындамауының себептері мен салдарларын жоюды қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда жаңа уәкілетті ұйымды айқындайды.

11. Комиссияның әкімші және оператор функцияларын жүзеге асыруы Одақ бюджетінде интеграцияланған жүйедегі Комиссияның интеграциялық сегментін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстарды орындауға арнап көзделген қаражаттар есебінен қаржыландырылады.

Уәкілетті органдардың немесе мүше мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарының Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізу бойынша оператор функциясын жүзеге асыруы Одақ бюджетінде интеграцияланған жүйедегі Комиссияның интеграциялық сегментін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі жұмыстарды орындауға арнап көзделген қаражаттар есебінен Одақтың ортақ ақпараттық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану бөлігінде қаржыландырылуы мүмкін.

12. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің пайдаланушылары:

а) өз қызметтерін жүзеге асыру барысында Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қолданады;

б) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарына Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған деректерге ашық қол жеткізу режимінде әрі Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштардағы өзгерістер туралы әкімшіге немесе операторларға сұраулар жіберуді қамтамасыз ететін сервистерді пайдалана отырып ақысыз және кемсітпеушіліксіз қол жеткізу құқығына ие ;

в) әкімшіге немесе операторларға Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды өзектілендіру бойынша ұсыныстар, оларды қолдануға қатысты сұраулар жіберу құқығына ие.

13. Осы Ереженің 8-тармағының "в" тармақшасына сәйкес құрылған жұмыс тобы:

а) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін жаңа анықтамалықтар мен сыныптауыштар әзірлеу, қолданыстағы

анықтамалықтар мен сыныптауыштарға, соның ішінде жаңа анықтамалық (сыныптауыш) әзірлеуге байланысты өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды қарайды;

б) Комиссияның мүдделі департаменттерінің анықтамалықтар мен сыныптауыштарды бірімді пайдалану мақсатында анықтамалықтар мен сыныптауыштардың кодтары мен позициялары атауын және оларда көзделген резервтік позицияларды бұзбайтын қосымша жүйелендіру (сыныптау) объектілерін және жүйелендіретін (сыныптайтын) белгілерді қосу жөніндегі ұсыныстарын қарайды, сондай-ақ аталған ұсыныстардың осы Ережеге, Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеудің, жүргізудің және қолданудың Комиссия бекітетін әдіснамасына, Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесі ресурстарын жүргізу және қолдану үшін әзірленген нұсқаулық-әдістемелік құжаттар ережелеріне сәйкестігін бағалауды жүргізеді;

в) Комиссияның мүдделі департаменттерінің жаңа анықтамалықтар мен сыныптауыштардың және оларға енгізілетін өзгерістердің күшіне енуі мерзімдерін белгілеу жөніндегі ұсыныстарын қарайды;

г) осы тармақтың "б" және "в" тармақшаларында көрсетілген ұсыныстарды қарастыру нәтижелері бойынша Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтарды немесе сыныптауыштарды қабылдау (бекіту) туралы не олардың күшіне енуі туралы Комиссия актісінің жобасына қоса берілетін материалдар мен құжаттар кешеніне кіретін қорытынды дайындайды;

д) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесін қалыптастыру және жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) енгізу үшін ұсыныстар дайындайды.

14. Осы Ереженің 8-тармағының "в" тармақшасына сәйкес құрылған жұмыс тобы туралы ережені Комиссия Алқасы бекітеді.

15. Комиссияның мүдделі департаменттері осы Ереженің 8-тармағының "л" тармақшасында көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштарға қатысты:

а) мүше мемлекеттерде қолданыстағы және (немесе) қолданылып жүрген анықтамалықтарды (сыныптауыштарды) талдау, тиісті объектілерді халықаралық сыныптау нәтижесінде анықтамалықтар мен сыныптауыштар әзірлеуді жүзеге асырады ;

б) жаңа анықтамалықтар мен сыныптауыштар әзірлеу, Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық акпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін қолданыстағы анықтамалықтар мен сыныптауыштарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар, сондай-ақ жаңа анықтамалықтың (сыныптауыштың), анықтамалықтарға (сыныптауыштарға) енгізілетін өзгерістердің күшіне ену мерзімдерін белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлейді;

в) анықтамалықтар мен сыныптауыштарда бірімәнді пайдалану мақсатында анықтамалықтар мен сыныптауыштардың кодтары мен позициялары атауын және оларда көзделген резервтік позицияларды бұзбайтын қосымша жүйелендіру (сыныптау) объектілерін және жүйелендіру (сыныптау) белгілерін қосу жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

г) әзірленген ұсыныстарды осы Ереженің 8-тармағының "в" тармақшасына сәйкес құрылған жұмыс тобының отырысында қарауға жібереді;

д) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қабылдау (бекіту), оларды күшіне енгізу туралы Комиссия актілерінің жобасын әзірлейді.

III. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарын әзірлеу, жүргізу және қолдану тәртібі

1. Анықтамалықтар мен сыныптауыштар

16. Одақ органдарының және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес өз өкілеттіктері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, сондай-ақ аталған өкілеттіктер мен функцияларды жүзеге асыру процесінде қалыптасатын ақпаратты жүйелендіру, сыныптау және кодтау мақсатында анықтамалықтар мен сыныптауыштар әзірленеді.

17. Анықтамалық мазмұны немесе мәні бойынша біртекті ақпараттың жүйелендірілген, құрылымдалған және кодификацияланған тізбесі ретінде әзірленеді.

Құқық қатынастары объектілері мен субъектілері және олармен байланысты заңды фактілер туралы жинақтар, тізімдер, көрсеткіштер, тізімдемелер, сөздіктер және басқа да әліпбилік, жүйелік, пәндік (тақырыптық, атаулық және т.б.), хронологиялық немесе қандайда бір белгілері бойынша құрастырылған ақпараттар тізбесі анықтамалықтардың әр түрі болып табылады.

Комиссияның анықтамалықты қабылдау (бекіту) туралы актісінде осы анықтамалықтың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретіні туралы көрсеткіш қамтылуы тиіс.

18. Сыныптауыш сыныптау объектілері атауларының жүйелендірілген, құрылымдалған және кодификацияланған тізбесі ретінде әзірленеді.

Сыныптауыштарда Одақ туралы шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес мүше мемлекеттер үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясатты жүзеге асыратын, Одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын салалардағы техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттар топтастырылады.

Комиссияның сыныптауышты қабылдау (бекіту) туралы актісінде осы сыныптауыштың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретінін көрсету қамтылуға тиіс.

19. Анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу үшін мүше мемлекеттердің, осы Ереженің 8-тармағының "в" тармақшасына сәйкес құрылған жұмыс тобының ұсыныстары негізінде Комиссия бекітетін іс-шаралар жоспары, сондай-ақ Комиссияның өз бетінше белгілейтін Одақ шеңберінде нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүйелеу және сыныптау қажеттілігі негіз болып табылады.

Тиісті анықтамалықты немесе сыныптауышты әзірлеу қажеттілігі Одақ органдарының актісімен көзделуі мүмкін.

20. Іс-шаралар жоспарын дайындау үшін Комиссия мүше мемлекеттердің уәкілетті органдармен бірлесе отырып Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары қолданылатын салаларды анықтайды.

Іс-шаралар жоспарында әрбір анықтамалық (сыныптауыш) бойынша анықтамалықты (сыныптауышты) әзірлеуге және жүргізуге қатысатын оператор (операторлар) айқындалады. Бұл ретте Одақ органдары қызметі процесінде немесе нәтижесінде пайда болатын не Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес шешімдер қабылдау кезінде Одақтың органдары пайдаланатын ақпараттарды қамтитын анықтамалықтарға (сыныптауыштарға) қатысты оператор функциясы әкімшіге жүктеледі.

21. Анықтамалықтар мен сыныптауыштардың құрамы мен мазмұнын Комиссия бекітетін Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін, соның ішінде Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпараттарын сыныптау және кодтау әдістерін айқындайтын анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасына сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісу бойынша Комиссия белгілейді.

22. Комиссия анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдаған (бекіткен) кезде оны мүше мемлекеттер мен Комиссия пайдаланатын ақпараттық жүйеге ендіру үшін қажетті мерзімдер мен рәсімдер ескеріле отырып, сондай-ақ Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің операторлары мен пайдаланушыларын анықтамалықты (сыныптауышты) қолданумен байланысты міндеттемелер мен құқықтарды іске асыруға дайындау мақсатында анықтамалықпен (сыныптауышпен) танысу мүмкіндіктері ескеріле отырып, оның күшіне ену мерзімі белгіленеді. Анықтамалыққа (сыныптауышқа) енгізілетін өзгерістердің күшіне ену мерзімі осыған ұқсас тәртіпте белгіленеді.

23. Әкімшінің және операторлардың анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жүргізуі Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының дерекқорына:

а) осы Ереженің 26-тармағының "б" тармақшасына сәйкес анықтамалықтарды (сыныптауыштарды) қолдану шеңберінде;

б) қазіргі заманғы экономикалық, әлеуметтік және өзге де қоғамдық қатынастардың дамуын ескере отырып қамтылған ақпаратты өзектілендіру мақсатында анықтамалыққа (сыныптауышқа) өзгерістер енгізу туралы акт негізінде;

в) Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес қамтылған ақпаратты өзектілендіру мақсатында анықтамалыққа (сыныптауышқа) өзгерістер енгізу туралы жеке акт қабылдауды талап етпейтін жаңа заңды фактілер туралы әкімшіде бар ақпарат негізінде өзгерістер енгізуді қамтиды.

24. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін Комиссия қабылдаған (бекіткен) анықтамалықтар мен сыныптауыштар туралы мәліметтер осы бөлімнің 2-кіші бөлімінде белгіленген тәртіпте жүргізілетін тізілімге енгізіледі.

25. Мәліметтері тізілімге енгізілген анықтамалықтар мен сыныптауыштар:

а) Одақ органдары Одақ туралы шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес актілер қабылдаған кезде;

б) интеграцияланған жүйені, мүше мемлекеттердің Одақ шеңберіндегі жалпы процестерді іске асыру үшін пайдаланатын ақпараттық жүйелерін, ортақ ақпараттық ресурстар мен мүше мемлекеттердің ақпараттық ресурстарын құру, осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген субъектілер арасында ақпараттық алмасуды жүзеге асыру кезінде;

в) жаңа анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеу және қабылдау (бекіту), қолданыстағы анықтамалықтар мен сыныптауыштарға өзгерістер енгізу кезінде;

г) Одақ туралы шартта, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда және Одақ құқығын құрайтын өзге де актілерде көзделген басқа жағдайларда қолдану үшін міндетті болып табылады.

26. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қолдану:

а) анықтамалықтар мен сыныптауыштарды оларда жүйелендірілген (сыныпталған) ақпараттарды (сыныптауыштарда қабылданған кодтарды, позициялардың атауын және т.б.) өзгеріссіз тікелей пайдалану;

б) әкімшінің анықтамалықтар мен сыныптауыштарға операторлардың ұсыныстары бойынша анықтамалықтар мен сыныптауыштардың кодтарын және позициялары атауларын және оларда көзделген резервтік позицияларды бұзбайтын жүйелеу (сыныптау) және жүйелендіретін (сыныптайтын) қосымша белгілерді ендіруі арқылы қамтамасыз етіледі. Жүйелеудің (сыныптаудың) қосымша объектісі экономиканың, мемлекеттік құрылымның және басқарудың, әлеуметтік саланың, мүше мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін бейнелейтін ақпарат болуы мүмкін;

в) тізілімге енгізілген анықтамалықтар мен сыныптауыштар және мүше мемлекеттерде қолданылатын тиісті анықтамалықтар мен сыныптауыштар арасындағы

бір мәнді сәйкестікті қамтамасыз ету үшін ауыспалы және қайта кодталған кестелер мен дерекқорды пайдалану жолдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Тізілімді жүргізу тәртібі

27. Тізілім Комиссия қабылдаған (бекіткен) анықтамалықтар мен сыныптауыштар туралы жүйелендірілген мәліметтер тізбесін қамтиды.

28. Ақпарат тізілімге анықтамалықты (сыныптауышты) әзірлеу кезінде қалыптастырылатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын анықтамалықтың (сыныптауыштың) паспортына сәйкес енгізіледі.

Анықтамалықтың (сыныптауыштың) паспорты № 1 қосымшаға сай құрылымға сәйкес ресімделеді.

29. Тізілімді әкімші қалыптастырады және оған Комиссия қабылдаған (бекіткен) анықтамалықтар мен сыныптауыштар туралы, көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштарға өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ендіру, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді жүйелеу арқылы электронды түрде жүргізеді.

30. Тізілім:

а) Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы деректерді жүйелендіру, олардың толықтығын, құрамын және өзектілігін бақылауға;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің және интеграцияланған жүйе шеңберінде Комиссияның ақпараттық жүйелерінің үйлесімділігін қамтамасыз етуге;

в) анықтамалықтар мен сыныптауыштардың, олардың құрамындағы ақпараттардың қосарласуын болдырмауға;

г) операторлар туралы өзекті мәліметтерді қалыптастыруға және беруге арналған.

31. Тізілім № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі және екі бөлімнен тұрады.

I "Анықтамалықтар" бөліміне осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген анықтамалықтар туралы ақпарат енгізіледі.

II "Сыныптауыштар" бөліміне осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген сыныптауыштар туралы ақпарат енгізіледі.

IV. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарына қолжетімділікті ұсыну

32. Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстарына қолжетімділік ақысыз және кемсітушіліксіз негізде ұсынылады.

Көрсетілген ресурстарға қолжетімділік:

Одақ органдарына, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына – интеграцияланған жүйе құралдарын пайдалану арқылы;

Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің пайдаланушыларына – Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарын Одақтың ақпараттық порталына орналастыру арқылы ұсынылады.

33. Анықтамалыққа немесе сыныптауышқа сәйкес заңды тұлғаның қызметіне немесе заңды немесе жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне қатысты жүйелеу (сыныптау) объектісінің кодын анықтауды және (немесе) жүйелеу (сыныптау) объектісі туралы өзге ақпарат алуды тиісінше заңды немесе жеке тұлға өз бетінше жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық
одақтың бірыңғай
нормативтік-анықтамалық
ақпарат жүйесі
туралы ережеге
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалық (сыныптауыш) паспортының құрылымы және оны ресімдеу қағидалары

I. Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалық (сыныптауыш) паспортының құрылымы

№ р/с	Элементтің белгіленімі	Элементтің мәні (сипаттамасы)
1	2	3
1	Код	
2	Типі	
3	Атауы	
4	Аббревиатура	
5	Белгіленімі	
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	
7	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) күшіне енген (қолданыла бастаған) күні	
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдану аяқталған күн	
10	Оператор (операторлар)	
11	Мақсаты	
12	Аннотация (қолданылу саласы)	
13	Кілт сөздер	

14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауышты пайдалану	
16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалығының (сыныптауышының) бар болуы	
17	Жүйелендіру (сыныптау) әдісі	
18	Жүргізу әдістемесі	
19	Құрылымы	
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	
21	Қайта қараудың белгіленген мерзімділігі	
22	Өзгерістер	
23	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) ізеуірттелген мәліметтеріне сілтеме	
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтер ұсыну тәсілі	

II. Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалық (сыныптауыш) паспорттың ресімдеу қағидалары

1. Анықтамалық (сыныптауыш) паспорты (бұдан әрі – паспорт) Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) нормативтік-анықтамалық ақпарат тізіліміне енгізілуге жататын әрбір анықтамалық (сыныптауыш) үшін қалыптастырылады.

2. Паспорт анықтамалықтың (сыныптауыштың) құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Паспорттың 1-жолы анықтамалыққа (сыныптауышқа) кодтаудың реттік әдісін пайдалана отырып берілген 3 белгіден тұратын анықтамалық (сыныптауыш) кодын көрсетуге арналған.

4. Паспорттың 2-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) типін көрсетуге арналған. Көрсетілген ақпарат мынадай түрде кодталады:

1 – анықтамалық;

2- сыныптауыш.

5. Паспорттың 3-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) толық атауын көрсетуге арналған.

6. Паспорттың 4-жолы орыс әліпбиі әріптерінен қалыптастырылатын және анықтамалыққа (сыныптауышқа) сілтеме жасаудың қолайлылығы үшін енгізілетін анықтамалық (сыныптауыш) аббревиатураларын көрсетуге арналған.

7. Паспорттың 5-жолы Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің ресурстары құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштардың Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітетін әзірлеу, жүргізу және қолдану әдіснамасына сәйкес енгізілетін анықтамалықтың (сыныптауыштың) белгіленімін көрсетуге арналған.

8. Паспорттың 6-жолы анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы Комиссия актісінің деректемелерін: акт түрін (шешім, өкім, ұсыным), оның қабылданған күнін және тіркеу нөмірін көрсетуге арналған.

9. Паспорттың 7-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) күшіне ену күнін (қолданыла бастауын) КК.АА.ЖЖЖЖЖ форматында көрсетуге арналған, мұндағы алғашқы екі цифр – күн, келесі екі цифр – ай және соңғы төрт цифр – жыл.

10. Паспорттың 8-жолы анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы Комиссия актісінің деректемелерін: акт түрін (шешім, өкім, ұсыным), оның қабылданған күнін және тіркеу нөмірін көрсетуге арналған.

11. Паспорттың 9-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданылуы аяқталған күнді КК.АА.ЖЖЖЖЖ форматында көрсетуге арналған, мұндағы алғашқы екі цифр – күн, келесі екі цифр – ай және соңғы төрт цифр – жыл.

12. Паспорттың 10-жолы Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесінің операторы (операторлары) туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Осы ақпараттың құрамында әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің екі әріптен тұратын коды, Комиссияның шешімімен оператор ретінде бекітілген Одақтың мүше мемлекетінің (бұдан әрі – мүше мемлекет) уәкілетті органының атауы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттерінің билік органдарының сыныптауышына сәйкес оның коды не Комиссияға нұсқау көрсетіледі.

Егер оператордың шешіміне сәйкес анықтамалықты (сыныптауышты) жүргізу бойынша функцияларды уәкілетті ұйым жүзеге асыратын болса, Паспорттың 10-жолында Комиссияның шешімімен анықтамалықты (сыныптауышты) жүргізу бойынша бекітілген оператор туралы ақпаратпен қатар уәкілетті ұйымның атауы көрсетіледі.

13. Паспорттың 11-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) мақсатын көрсетуге арналған.

14. Паспорттың 12-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) аннотациясын (қолданылу саласын) көрсетуге арналған.

15. Паспорттың 13-жолы анықтамалыққа (сыныптауышқа) қатысты кілт сөздерді көрсетуге арналған.

16. Паспорттың 14-жолы Одақтың органдарына анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдауды (бекітуді) іске асыру үшін өкілеттіктер берілген салалар туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Аталған ақпарат Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүзеге асырылатын, Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын өрістер мен салалар

туралы ақпарат сыныптауышына сәйкес Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпарат тізілімінде келтіріледі.

17. Паспорттың 15-жолы анықтамалықты (сыныптауышты) әзірлеу кезінде халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауышты пайдалану туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Көрсетілген ақпарат мынадай түрде кодталады:

1 – анықтамалық (сыныптауыш) халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштармен және (немесе) стандарттармен үндестірілген. Бұл ретте "1" коды анықтамалық (сыныптауыш) соған сәйкес әзірленген халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштар және (немесе) стандарттар көрсетіле отырып сүйемелденеді;

2 – анықтамалықтың (сыныптауыштың) халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) аналогы жоқ;

3 – анықтамалықты (сыныптауышты) әзірлеу кезінде халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптауыштар және (немесе) стандарттар қолданылмады.

18. Паспорттың 16-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) мүше мемлекеттерде аналогтары бар болуы туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Көрсетілген ақпарат мынадай түрде кодталады:

1 – анықтамалықтың (сыныптауыштың) мүше мемлекеттерде аналогы бар. Бұл ретте "1" коды тиісті анықтамалықтарды (сыныптауыштарды) көрсете отырып сүйемелденеді;

2 – анықтамалықтың (сыныптауыштың) мүше мемлекеттерде аналогтары жоқ.

19. Паспорттың 17-жолы анықтамалықта (сыныптауышта) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратын жүйелеудің (сыныптаудың) пайдаланылатын әдісін көрсетуге арналған.

20. Паспорттың 18-жолы, егер Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды әзірлеудің, жүргізудің және қолданудың Комиссия бекіткен әдіснамасынан ерекшеленетін немесе оны ізеуірттейтін болса, анықтамалықты (сыныптауышты) жүргізудің әдістемесін көрсетуге арналған.

21. Паспорттың 19-жолы анықтамалықтың (сыныптауыштың) құрылымы туралы ақпаратты көрсетуге арналған. Көрсетілген ақпараттың құрамында анықтамалықтың (сыныптауыштың) өріс құрамы, олардың мәндерінің саласы және қалыптасу қағидалары келтіріледі.

22. Паспорттың 20-жолы анықтамалықта (сыныптауышта) қамтылған деректердің құпиялылық дәрежесін көрсетуге арналған.

23. Паспорттың 21-жолы анықтамалықты (сыныптауышты) қайта қараудың белгіленген мерзімділігін көрсетуге арналған.

24. Паспорттың 22-жолы анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдағаннан (бекіткеннен) кейін оған енгізілген өзгерістердің сипаттамасы мен күнін, сондай-ақ анықтамалыққа (сыныптауышқа) өзгерістер енгізген Комиссия актісінің

деректемелерін: акт түрін (шешім, өкім, ұсыным), оның қабылданған күнін және тіркеу нөмірін көрсетуге арналған.

25. Паспорттың 23-жолы Одақтың ақпараттық порталындағы немесе оператордың ақпараттық ресурсындағы анықтамалықтың (сыныптауыштың) ізеуірттелген мәліметтеріне жасалған сілтемелерді көрсетуге арналған.

26. Паспорттың 24-жолы анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді және пайдаланушының оған енгізген өзгерістері туралы ақпаратты ұсыну тәсілін сипаттауға арналған.

Еуразиялық экономикалық
одақтың бірыңғай
нормативтік-анықтамалық
ақпарат жүйесі туралы ережеге
№ 2 ҚОСЫМША
(нысан)

Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының ТІЗІЛІМІ

Код	Атауы	Аббре- виатур а	Белгі-л енімі	Қабылдау (бекіту)		Күшін е енген күні	Операт ор (оператор-лар)	Еурази ялық эконом икалық одақ органд арыны ң өкілетт іктері іске асыры латын сала	Халық аралық (мемле кетара лық, өңірлік) сынып тауыш ты пайдал ану	Еурази ялық эконом икалық одаққа мүше мемле кеттер дің мемле кеттік анықта малық тарын ың (сынып тауыш тары-н ың) бар болуы	Өзгерістер	
				күні	актінің тіркеу нөмірі						күні	актінің тіркеу нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
I. Анықтамалықтар												
II. Сыныптауыштар												